



**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТИНІҢ  
2019-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН  
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫНЫҢ  
2019 ЖЫЛҒЫ ОРЫНДАЛУЫ БОЙЫНША ЕСЕБІ**

**Түркістан, ақпан 2020 ж.**

# Жоғары білімнің қазіргі заманғы трендтері

**Білім берудегі Ұлттық және Европалық біліктілік шеңбері**

**Білімді интернационализациялау**

**Академиялық ұтқырлық**

**Жоғары білім сапасын қамтамасыздандыру жүйесі**

**Қос дипломды білім беру бағдарламалары**

**Эффективті менеджмент. Стратегиялық жоспарлау**

**Корпоративті басқару қағидалары**

**Студентке бағытталған оқыту: оқу үдерісіндегі білімгерлердің белсенділіктерін ынталандыру**

**Білім беру бағдарламалары: трендтер, нәтижелер, сапа**

**Тұлғаға бағытталған оқыту парадигмасы**

# **АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2019-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

**Ахмет Ясауи университетінің осы уақытқа дейін  
2009-2013жж. және 2014-2018жж. арналған  
бес жылдық Стратегиялық жоспары болды.**

**Өкілетті Кеңестің №58 мәжілісінде 2019-2023 жылдарды қамтитын  
үшінші Стратегиялық жоспары бекітілді.**

# АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2019-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ

**Басты мақсат: Біз үшін, Қазақстан мен Түркия және басқа түркі тілдес елдер мен қауымдастықтарда соңғы кезде жүзеге асырылып жатқан білім беру саясатындағы түбегейлі өзгерістер, университеттерге жүктелген қызметтер арасында сапалы білім беру қызметін көрсету - басты мақсат болып табылады.**

# АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2019-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

## Басым бағыттар:

- 1) **Ахмет Ясауи университетінің негізгі басым бағыты - білім беру.**
- 2) **Университет одан әрі даму барысында ғылыми-зерттеу жұмыстарына ден қояды.**
- 3) **Университеттің қоғамдағы әріптестік-іскерлік саласында қызмет көрсете бастауы зерттеу жұмыстарынан кейінгі орында тұрады.**

# АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2019-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

**Даму көріністері: Университетіміз үнемі даму үстінде және алдыңғы қатарлы университеттер қатарынан табылуда. Сондықтан да университетіміз білімгерлер санын арттыру үшін заманауи жаңа мамандықтар санын көбейтеді, соның ішінде архитектура, құрылыс, агрономия, ветеринария, жобалық менеджмент мамандықтарын ашып, бұл саланы дамытуды көздейді.**

# АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2019-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Еліміздегі демографиялық даму көрсеткішінің жоғары болуына орай, жоғары білім беру ұйымдарына оқуға түсуге ниеттеніп жүрген жастар көп-ақ. Жоғарғы оқу орындарына студент қабылдау санының арту үрдісі байқалады. Түркістан қаласы бойынша бір ғана Ахмет Ясауи университеті бар. Сол себепті, оқу орны осы аймақтың жоғары білім беру ұйымына деген сұранысына және күннен-күнге артып жатқан білім беру қызметі мен Түркістан қаласының экономикалық дамуына да үлесін қосуда.

## **Миссия**

Түркі тілдес мемлекеттер мен қауымдастықтар үшін инновациялық білім беруде және зерттеулерде көшбасшы болу.

## **Келешек келбет**

Әлемдік және ұлттық рейтингте үздік жоғары білім беру ұйымдары қатарындағы университет.

## **Негізгі құндылықтар**

1. Рухани жаңғыру
2. Достық, теңдік және төзімділік
3. Айқындылық
4. Парасаттылық (integrity)
5. Кәсібилік
6. Инновациялық



# АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ – ТҮРКІСТАНДЫ ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ ОРТАҚ БІЛІМ ШАҢЫРАҒЫНА АЙНАЛДЫРАТЫН ОҚУ ОРНЫ

Барлық бағыттар бойынша  
179 индикатор қамтылған

**ОҚЫТУ  
САПАСЫН  
АРТТЫРУ ЖӘНЕ  
КӘСІБИ БІЛІМ  
БЕРУ**

Мақсат - білім беру  
сапасын арттыру  
және бәсекеге  
қабілетті мамандар  
дайындау

**ПРАКТИКАҒА  
БАҒЫТТАЛҒАН  
ОЗЫҚ ЗЕРТТЕУ-  
ЛЕРДІ ҰЙЫМ-  
ДАСТЫРУ**

Мақсат -  
практикаға  
бағытталған  
сапалы зерттеулер  
жүргізу

**ТИІМДІ ӘРІП-  
ТЕСТІК ЖӘНЕ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
СЕРІКТЕСТІКТІ  
ДАМУ**

Мақсат - сапалы  
оқыту және озық  
зерттеулер үшін  
әріптестік қарым-  
қатынастарды  
дамыту

**ТИІМДІ  
КОРПОРАТИВТІ  
БАСҚАРУ ЖӘНЕ  
ИНФРАҚҰРЫ  
ЛЫМ МЕН  
РЕСУРСТАРДЫ  
ДАМУ**

Мақсат - тиімді  
және нәтижелі іс-  
әрекеттер үшін  
жағдай жасау

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ИМИДЖІ ЖӘНЕ ҚОҒАМҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

## **I. ОҚЫТУ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ**

1. Білім беру бағдарламаларын қазіргі заман талаптарына синхронизациялау/гармонизациялау
2. Оқыту сапасы мен инновациялық әлеуетті дамыту
3. Білімгерлер саны мен маман сапасын арттыру
4. Жоғарыбілікті кадр потенциалын жасақтау және дамыту
5. Рухани жаңғыру. Жастар саясаты мен білімгерлер бастамасын дамыту

## **II. ПРАКТИКАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОЗЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

1. Озық зерттеулерді ұйымдастыру;
2. Ғылыми-инновациялық зерттеу нәтижелерін практикаға ендіру және коммерциализациялау.

## **III. ТИІМДІ ӘРІПТЕСТІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІ ДАМУ**

1. Қоғаммен байланыс және мекеме-ұйымдармен, Түркия университеттерімен халықаралық
2. қауымдастықпен тиімді әріптестік қарым-қатынастар орнату;
3. Аймақтық, ұлттық, халықаралық жобаларға қатысу.

## **IV. ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖӘНЕ РЕСУРСТАРДЫ ДАМУ**

1. Тиімді корпоративтік басқару және бәсекеге қабілеттілікті арттыру;
2. Бас құрылыс жоспарын дайындау және университет кампусын ұлғайту, инфрақұрылымды дамыту;
3. Қаржы көздерін диверсификациялау;
4. Материалдық-техникалық базаны модернизациялау;
5. Цифрлық трансформация (digital transformation).

# АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2019-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУДЫ ҚАДАҒАЛАУ

**Стратегияның орындалуын жүзеге асыруды  
Стратегиялық жоспарлау Кеңесі, Стратегиялық  
жоспарлау және сапа комитеті, Стратегиялық жоспарлау,  
рейтинг және сапа орталығы қадағалайды.**

## **2019-2023 жылдарға арналған Стратегиялық жоспардың алғашқы жылғы орындалған көрсеткіштері:**

**Жалпы университет бойынша Стратегиялық жоспардың орындалуы 76,5 пайызды құрайды (орындалмағаны - 23,5 %).**

**Барлық 179 индикатордың 137-і толық немесе шартты түрде орындалған, ал 42 индикаторы түрлі нақты және ұзақ мерзімді себептерге байланысты орындалмады.**

**Стратегиялық жоспардың 2019 жылы бағыттар бойынша орындалуы:**

**1-Стратегиялық бағыт бойынша, яғни “Оқыту сапасын арттыру және кәсіби білім беру” Стратегиялық бағыты бойынша орындалған индикаторлар саны - 56, орындалмағандар (түрлі нақты және ұзақ мерзімді себептерге байланысты) – 15 және шартты түрде (толық емес) орындалған 5 индикатор бар.**

**II-Стратегиялық бағыт: “Практикаға бағытталған озық зерттеулерді ұйымдастыру” бағыты бойынша орындалған индикаторлар саны - 21, орындалмағандар – 9 және шартты түрде орындалған 2 индикатор бар.**

**III-Стратегиялық бағыт: “Тиімді әріптестік және халықаралық серіктестікті дамыту” бағыты бойынша орындалған индикаторлар саны – 14, орындалмағаны - 4 индикатор.**

**IV-Стратегиялық бағыт: “Тиімді корпоративті басқару және инфрақұрылым мен ресурстарды дамыту” бағыты бойынша орындалған индикаторлар саны – 29 және орындалмаған - 14 және шартты түрде орындалған 9 индикатор бар.**

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРДЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ОРЫНДАЛУЛАРЫ

Стратегиялық бағыттар мен міндеттер	Жалпы индикатор саны	Қорытынды көрсеткіштер		
		Орындалған индикаторлар саны	Шартты орындалғандар	Орындалмаған индикаторлар саны
<b>1-Стратегиялық бағыт. Оқыту сапасын арттыру және кәсіби білім беру</b>				
<b>Мақсат: Білім беру сапасын арттыру және бәсекеге қабілетті мамандар дайындау</b>				
<b>Міндет 1.1. Білім беру бағдарламаларын қазіргі заман талаптарына синхронизациялау/гармонизациялау</b>	<b>16</b>	<b>11</b>	<b>-</b>	<b>5</b>
<b>Міндет 1.2. Оқыту сапасы мен инновациялық әлеуетті дамыту</b>	<b>18</b>	<b>15</b>	<b>-</b>	<b>3</b>
<b>Міндет 1.3. Білімгерлер саны мен маман сапасын арттыру</b>	<b>16</b>	<b>13</b>	<b>1</b>	<b>2</b>
<b>Міндет 1.4. Жоғары білікті кадр потенциалын жасақтау және дамыту</b>	<b>17</b>	<b>6</b>	<b>5</b>	<b>6</b>
<b>Міндет 1.5. Рухани жаңғыру. Жастар саясаты мен білімгерлер бастамасын дамыту.</b>	<b>10</b>	<b>9</b>	<b>-</b>	<b>1</b>
<b>Жалпы</b>	<b>77</b>	<b>56</b>	<b>6</b>	<b>15</b>
<b>%</b>		<b>72,7</b>	<b>7,8</b>	<b>19,5</b>

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРДЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ОРЫНДАЛУЛАРЫ

Стратегиялық бағыттар мен міндеттер	Жалпы индикатор саны	Қорытынды көрсеткіштер		
		Орындалған индикаторлар саны	Шартты орындалғандар	Орындалмаған индикаторлар саны
<b>II-Стратегиялық бағыт. Практикаға бағытталған озық зерттеулерді ұйымдастыру</b>				
<b>Мақсат: Зерттеу жұмыстарының сапасын арттыру</b>				
<b>Міндет 2.1. Озық зерттеулерді ұйымдастыру</b>	<b>21</b>	<b>13</b>	<b>2</b>	<b>6</b>
<b>Міндет 2.2. Ғылыми-инновациялық зерттеу нәтижелерін практикаға ендіру және коммерциализациялау.</b>	<b>11</b>	<b>8</b>	<b>-</b>	<b>3</b>
<b>Жалпы</b>	<b>32</b>	<b>21</b>	<b>2</b>	<b>9</b>
<b>%</b>		<b>65,6</b>	<b>6,3</b>	<b>28,1</b>

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРДЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ОРЫНДАЛУЛАРЫ

Стратегиялық бағыттар мен міндеттер	Жалпы индикатор саны	Қорытынды көрсеткіштер		
		Орындалған индикаторлар саны	Шартты орындалғандар	Орындалмаған индикаторлар саны
<b>III-Стратегиялық бағыт. Тиімді әріптестік және халықаралық серіктестікті дамыту</b>				
<b>Мақсат: Сапалы білім беру және озық зерттеулер үшін әріптестік қарым-қатынастарды дамыту</b>				
<b>Міндет 3.1. Қоғаммен байланыс және мекеме-ұйымдармен, Түркия университеттерімен, халықаралық қауымдастықпен тиімді әріптестік қарым-қатынастар орнату</b>	<b>13</b>	<b>11</b>	<b>-</b>	<b>2</b>
<b>Міндет 3.2 Аймақтық, ұлттық, халықаралық жобаларға қатысу</b>	<b>5</b>	<b>3</b>	<b>-</b>	<b>2</b>
<b>Жалпы</b>	<b>18</b>	<b>14</b>	<b>-</b>	<b>4</b>
<b>%</b>		<b>77,8</b>	<b>-</b>	<b>22,2</b>



# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРДЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ОРЫНДАЛУЛАРЫ

Стратегиялық бағыттар мен міндеттер	Жалпы индикатор саны	Қорытынды көрсеткіштер		
		Орындалған индикаторлар саны	Шартты орындалғандар	Орындалмаған индикаторлар саны
<b>IV-Стратегиялық бағыт. Тиімді корпоративті басқару және инфрақұрылым мен ресурстарды дамыту</b>				
<b>Мақсат: Тиімді және нәтижелі іс-әрекеттер үшін жағдай жасау</b>				
<b>Міндет 4.1. Тиімді корпоративтік басқару және бәсекеге қабілеттілікті арттыру</b>	<b>9</b>	<b>6</b>	<b>-</b>	<b>3</b>
<b>Міндет 4.2. Бас құрылыс жоспарын дайындау және университет кампусын ұлғайту, инфрақұрылымды дамыту</b>	<b>17</b>	<b>11</b>	<b>3</b>	<b>3</b>
<b>Міндет 4.3 Қаржы көздерін диверсификациялау</b>	<b>7</b>	<b>1</b>	<b>6</b>	<b>-</b>
<b>Міндет 4.4. Материалдық техникалық базаны модернизациялау</b>	<b>5</b>	<b>4</b>	<b>-</b>	<b>1</b>
<b>Міндет 4.5. Цифрлық трансформация (digital tranformation)</b>	<b>14</b>	<b>7</b>	<b>-</b>	<b>7</b>
<b>Жалпы</b>	<b>52</b>	<b>29</b>	<b>9</b>	<b>14</b>
<b>%</b>	<b>100</b>	<b>55,8</b>	<b>17,3</b>	<b>26,9</b>
<b>Жалпы ХҚТУ бойынша</b>	<b>179</b>	<b>120</b>	<b>17</b>	<b>42</b>
<b>%</b>	<b>100</b>	<b>67,0</b>	<b>9,5</b>	<b>23,5</b>
<b>Орындалуы, орындалмауы, %</b>	<b>10</b>	<b>76,5</b>		<b>23,5</b>

## 2019 жылы орындалмай қалған индикаторлар және оның негізгі себептері

Жалпы 179 индикатордың 42-ы түрлі нақты және ұзақ мерзімді себептерге байланысты орындалмады. Олар негізінен:

Ағылшын тілін жетік меңгерген оқытушылар саны (IELTS >5 игерген), Магистр, - PhD дәрежесін шетелдерде алған оқытушылар, шетел және ұлттық университеттерге барып бір академиялық кезең бойында білім алып қайтқан білімгерлердің үлесі, университетте дәріс беріп қайтқан шетелдік профессорлардың университет оқытушыларына үлесі, оқытушылардың біршама мақалаларының фейк журналдарға жариялануы себебінен әлемдік рейтингтік ғылыми журналдардағы жарияланымдар саны, Thomson Reuters, Elsevier және Scopus-тардан бөлек Қазақстандағы министрліктің білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынатын тізімі бойынша ғылыми журналдардағы мақалалар саны, халықаралық деңгейдегі өнертабыстық патент және авторлық куәліктер саны, шет тілінде білім беру бағдарламаларын іске асыру, қосдипломды білім беру бағдарламалары, Эразмус +, 3+1, 2+2, 1+1 бойынша білім беру бағдарламаларын жасау, Әскери кафедра ашу, Екі қабатты 8-пәтерлі 6-дана коттедж құрылысын 75 %-ін жүргізу, 50 орындық қонақ үй кешені және автотұрақтың 50%-н салу, On-line режимінде әлеуметтік сауалнамалар жүргізу үшін қажетті бағдарламалармен қамтамасыз ету, университеттің баспа журналдарының электрондық нұсқасын шығару сияқты көрсеткіштер.

**2019 жылы Стратегиялық жоспарды жүзеге асыруға Ахмет Ясауи университетінің барлық әкімшілік-шаруашылық басқару құрылымдары, оқу үдерісіне қатысты құрылымдар үлес қосты.**

**Университет Президенті мен ректор өкілінен бастап барлық құрылым басшылары стратегиялық жоспарды жүзеге асыруды бірінші кезекке қойды, оқытушы-профессорлар құрамы мен әкімшілік-шаруашылық қызметкерлері де стратегияларды жүзеге асыруға белсенді түрде қолдау білдірді.**

## **Стратегиялық жоспарды жүзеге асыру арқылы келесі жылдарда күтетіміз:**

- оқу орнымыз QS рейтингі бойынша үздік топ-300 университеттер қатарына енеді;**
- қаржы көздерін әртараптандыру (диверсификация), ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерциализациялау, инвестиция тарту, эндаумент-қор құру іске асады;**
- басқару жүйесін оптимизациялау, әкімшілік шығындарды қысқарту, барлық процестерді автоматтандыру, Paper free жүйесіне көшу іске асады;**
- білім беруді жаңарту және оқу мазмұнына редизайн жасау, жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынас орнату, мамандықтардың басым бағыттарын дамыту іске асады;**
- магистратураға, докторантураға қабылдау контингенті және ағылшын тілін, түрік тілін, игерген оқытушылар үлесі 30-40 %-ға дейін артатын болады.**



АХМЕТ ЯСАУИ  
УНИВЕРСИТЕТІ

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!**